

«АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ» МЕМЛЕКЕТТІК  
КОРПОРАЦИЯСЫ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК  
ҚОҒАМЫНЫҢ НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ БОЙЫНША  
ФИЗИКАЛЫҢ ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІККЕ ҚҰҚЫҚТАРДЫ  
ЖӨНЕ ЗАҢДЫ ТҮЛҒАЛАРДЫ ТІРКЕУ БАСҚАРМАСЫ  
ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРІСТЕР МЕН  
ТОЛЫҚТЫРУЛАР

2023 ж. « 07 » 06

БСН 020640000629

№ 2492-1901-КАО-АҚ-03

Бастапқы тіркелген күні  
2002 ж. « 19 » 06

«Энергоинформ» жалғыз акционерінің  
шешімімен бекітілді  
(28 сәуір 2023 жылғы № 4 хаттама)

Утвержден решением Единственного  
акционера АО "Энергоинформ"  
(протокол от 28 апреля 2023 года №4)

**«ЭНЕРГОИНФОРМ»  
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ  
ЖАРҒЫСЫ**

**УСТАВ  
АКЦИОНЕРНОЕ ОБЩЕСТВО  
«ЭНЕРГОИНФОРМ»**

Астана қ. 2023 ж.

## **1-бап. Жалпы ереже**

1. «Энергоинформ» акционерлік қоғамның (бұдан әрі – Қоғам) осы Жарғысы оның атауын, орналасқан жерін, оның органдарын қалыптастыруын және құзырлығының тәртібін, оның қызметін қайта құру және тоқтату шартын және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа ережелерін айқындайды.

2. Қоғамның толық атауы:

1) мемлекеттік тілде: «Энергоинформ» акционерлік қоғамы;

2) орыс тілінде: акционерное общество «Энергоинформ».

3. Қоғамның қысқартылған атауы:

1) мемлекеттік тілде: «Энергоинформ» АҚ;

2) орыс тілінде: АО «Энергоинформ».

4. Қоғамның алқалы атқарушы органының орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Z00T2D0, Астана қ., Алматы ауданы, Тәуелсіздік даңғылы, 59 ғимарат.

5. Қоғамның корпоративтік сайты – [www.energoinform.kz](http://www.energoinform.kz).

## **2-бап. Қоғамның заңды деңгейі**

1. Қоғам өзінің қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын және Қазақстан Республикасының заңнамаларын, сондай-ақ осы Жарғыны, Қоғамның басқа құжаттарын, іскери этиканың жалпы қабылданған қағидаттарын (дәстүрі) және өзінің шарттық міндеттерін басшылыққа алады.

2. «Энергоинформ» мекемесін қайта құру жолымен құрылған заңды тұлға болып табылатын және Қазақстан Республикасының заңына сәйкес оның құқықтық иеленушісі болатын оның негізгі мақсаты өзінің жарғылық қызметінен таза табыс алатын Қоғам өз алдында коммерциялық ұйым болып табылады. Қоғамның негізделген мүлігіне ие, өзінің дербес теңгерімі, банктік шоты, өзінің атауы бар дөңгелек мөрі, фирмалық бланкісі және басқа деректемелері бар, өзінің атынан шарттар жасасуға, мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарды сатып алуға және жүзеге асыруға және міндеттемелер атқаруға, сотқа талап қоюшы, жауап беруші және үшінші тұлға болуға құқылы.

3. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте басқа заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысуға құқылы.

4. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіпте Қоғам заңды тұлға болып табылмайтын және оның атынан әрекет ететін оның орналасқан жеріннен бөлек жерде филиалдар және өкілдіктер құруға және Қоғамның тапсырмасы бойынша ереже негізінде меншікті мүлік есебінен оларға негізгі және айналымдағы қаражат бөлуге құқылы, сондай-ақ коммерциялық емес ұйымдар, оның ішінде мекеме құруға құқылы.

5. Қоғам өзінің мүлігі шегінде өзінің міндеттемелері бойынша жауапкершілік артады.

6. Қоғам өзінің Жалғыз акционерінің міндеттемелері бойынша жауапкершілік артпайды. Жалғыз акционер Қоғамның міндеттемелері бойынша жауап бермейді және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, оған тиісті акциялардың құны шегінде Қоғамның қызметіне байланысты шығындар тәуекелін артпайды.

7. Қоғам Орталық аппараттан және филиалдардан тұрады. Қызметкерлердің жалпы санын және ұйымдық құрылымын Қоғамның Директорлар кеңесі бекітеді.

Филиал қызметкерлерінің жалпы санын және ұйымдық құрылымын Қоғам Басқармасының төрағасы бекітеді.

### **3-бап. Қоғам қызметінің негізгі түрлері**

1. Қоғам қызметінің негізгі түрлері болып табылады:

1) **(35.12.3)** Ұлттық электр желісінің (ҰЭЖ) жабдықтарына пайдалану қызметін көрсету:

- жедел қайта іске қосу және техникалық қызмет көрсету кіретін ҰЭЖ-нің жабдықтарына жедел қызмет көрсетуге мыналар кіреді:

- ҰЭЖ-нің жабдықтарына кезеңдік және кезектен тыс тексерулер жүргізу;  
- қосалқы станциялар жабдықтары жұмысының режимдерін бақылау, электр беру желілері құрылымдық элементтерінің жай-күйін бақылау;

- кішігірім зақымданулар мен ақауларды жою жұмыстарының жекелеген түрлері, электр беру желілерінің жекелеген элементтерін ауыстыру;

- ҰЭЖ-сі жабдығын алдын ала және кешенді сынақтан өткізу және өлшеу;

2) **(61.10.9, 61.20.9)** мемлекеттік емес заңды тұлғалардың сымды және сымсыз байланыс инфрақұрылымын пайдаланумен дауыстық, мәтіндік, дыбыстық немесе бейнедеректерді беретін құрылғыларға техникалық қызмет көрсетуді басқару немесе қолжетімділік беру:

- байланыстың жер үсті желілері, қысқа толқындар немесе жер үсті және спутниктік қосылыстарды үйлестіру арқылы тікелей байланысты қамтамасыз ету мақсатында коммутациялық-тарату жабдықтарын пайдалану және техникалық қызметтер;

- бөлудің кабельдік жүйелерін басқару (мысалы, деректер мен телесигналдар беру үшін);

- өз қаражаттарын қолданғанда телеграфтық және өзге дауыстық емес байланыс жүйелерін жарақтандыру;

- иелер мен операторлардан желілерге қатынау және желілер сыйымдылығын алу, сондай-ақ бұл бұл қуаттылықтарды бизнес пен тұрмыста пайдаланумен телекоммуникациялық қызметтер ұсыну;

- кабельдік инфрақұрылым операторынан және сымсыз телекоммуникациялық жүйе инфрақұрылымдар операторынан интернетке қол жетімділікті ұсыну;

- иелер мен операторлардан желілерге қатынау және желілер сыйымдылығын алу, сондай-ақ бұл қуаттылықтарды бизнесте пайдаланумен телекоммуникациялық қызметтер ұсыну.

3) **(43.29.9)** жабдықты монтаждау процесін техникалық аяқтайтын кезеңінде жабдықты реттеу және кешенді сынау;

4) **(61.10.1, 61.20.1)** бірыңғай көлік ортасы арқылы мемлекеттік органдар үшін сымды және сымсыз телекоммуникациялық байланыс:

- дауыстық, мәтіндік, дыбыстық немесе бейне деректерін беретін құрылғыға техникалық қызмет көрсетумен басқару немесе қолжетімділік ұсыну;

- мемлекеттік органдар мен олардың аумақтық бөлімшелерінің ақпараттық-коммуникациялық желілерін біріктіру;

- мемлекеттік органдардың бірыңғай көлік ортасын жобалау, құру және дамыту;

- мемлекеттік органдардың бірыңғай көлік ортасын әкімшілендіруді және сервистік қолдауды, мемлекеттік органдардың бірыңғай көлік ортасының жұмыс істеуін қамтамасыз етуге бағытталған техникалық іс-шаралар мен аппараттық-бағдарламалық құралдарға жүйелік-техникалық қызмет көрсету;

- ақпараттық қауіпсіздік талаптарына сәйкес жергілікті өзін-өзі басқару органдарын, мемлекеттік органдар мен олардың аумақтық органдарын мемлекеттік органдардың бірыңғай көлік ортасына және әлемдік ақпараттық ресурстарға қосу;

- ведомствоаралық ақпараттық жүйелерінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін мемлекеттік органдардың бірыңғай көлік ортасына қосылған жергілікті өзін-өзі басқару органдарына, мемлекеттік органдар мен олардың аумақтық органдарына байланыс қызметін көрсету;

- мемлекеттік органдардың бірыңғай көлік ортасының байланыс арналарын қорғауды ұйымдастыру;

5) **(61.30.3)** байланыс ұйымдастыру үшін жер серігі телекоммуникациялары саласындағы қызмет:

- жер серігі жүйелерінің инфрақұрылымын пайдалана отырып, дауыстық, мәтіндік, дыбыстық немесе бейнемәліметтер табыстайтын құрылғыларды басқару, техникалық қызмет көрсету немесе қол жеткізуді ұсыну;

6) **(61.90.9)** телекоммуникациялық қызметтердің өзге түрлері:

- бір немесе бірнеше жердегі телекоммуникациялық жүйелердің операциялық түріне байланысты және жер серігі қызметінен деректерді алу және табыстау қабілеті бар жер серігі терминалын және сүйемелдеуші жабдықтарды басқару;

- қолда бар телекоммуникациялық қосылғыштар арқылы телекоммуникациялық қызметтер ұсыну: IP-тораптар бойынша дауыс табыстау;

- телекоммуникациялық қызметтерді қайта сату (мысалы, қосымша қызмет ұсынбастан торап сыйымдылығын сатып алу және қайта сату);

7) **(35.12.1)** электр энергияны ұсыну саласындағы қызмет, оның ішінде электр энергиясын өндірілетін орыннан бастап таратушы жүйелерге дейін беру үшін жүйелердің жұмыс қабілеттілігін (пайдаланылуын) қамтамасыз ету;

8) **(62.01.1)** бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеу жөніндегі қызметтер:

- төмендегілерді құру және олардың жұмыс істеуі үшін қажет компьютерлік кодтың құрылымын жобалау және ұстау және (немесе) жазу:

- жүйелік бағдарламалық қамтамасыз ету (өзгертулер мен түзетулерді жедел енгізу мен түрлендіруді қоса);

- қолданбалы бағдарламалық қамтамасыз ету (өзгертулер мен түзетулерді жедел енгізу мен түрлендіруді қоса);

- деректер қоры;

- Интернеттегі Web- парақтар;

- бағдарламалық қамтамасыз етуді тұтынушылардың мақсаттарына қарай әзірлеу (жазу), яғни бар қолданбалы (стандартты) бағдарламалық қамтамасыз етуді оның жұмыс істеуі және тұтынушылардың (клиенттердің) ақпараттық жүйелерімен үйлесімділігі мақсатында түрлендіру;

9) **(62.03.1)** ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымды технологиялық, техникалық және өзге де басқару бойынша, соның ішінде ақпараттық-коммуникациялық құрал-жабдықтар, бағдарламалық қамтамасыз ету мен ақпараттық жүйелерді, сондай-ақ деректерді өңдеу және қызметтің өзге де кәсіптік және техникалық түрлерін мемлекеттік органдарға, мекемелерге және ұйымдарға беру;

10) **(62.01.2)** бағдарламалық қамтамасыз етуді сүйемелдеу;

11) **(62.02.1)** кәсіпорындар, коммерциялық сектор сияқты және мемлекеттік үшін электр энергияның теңгерімдеуші нарығында ақпараттық жүйелер ұсыну және техникалық қызмет көрсету жөнінде кеңес беру және тәжірбиелік қызметтер;

12) **(71.12.1)** инженерлік дизайн (яғни құрастыру жүйесінде физикалық заңдар мен инженерия қағидаттарын қолдану) және өнеркәсіп құрылысын жобалау саласында кеңес берушілік қызметтер; электроника және электр техника жөніндегі жобалар, өндірісті ұйымдастыру, техника жүйесі, техника қауіпсіздігі;

- электр табыстаудың әуе желілері бойынша байланыс арнасының ЖЖ жиелік спектірін таңдау;

**(43.21.1)** телекоммуникациялық, компьютерлік және теледидарлық тораптар төсемі бойынша (азаматтық құрылыстың кез келген ғимараттар мен құрылғыда телекоммуникациялық, компьютерлік тораптар мен жүйелер, оптоалшықты кабелдер мен жер серігі тарелкелерін қоса алғанда, теледидарлық кабелдер төсемі мен орнату) электр техникалық және монтаждау жұмыстары;

13) **(78.30.2)** стратегиялық объектілерге (аутстафингі) қызмет көрсету үшін техникалық және қосалқы персонал ұсыну;

14) **(35.12.2)** Электр энергияны өндірудің-тұтынудың теңгерілімін ұйымдастыру саласындағы қызметтер:

- Қазақстан Республикасындағы БЭЖ электр энергиясының теңгерімсіздіктерін қаржылық реттеу (жүйелік оператор атынан теңгерімдеуші нарықта теңгермелі электр энергияны сатып алу-сату);

15) **(85.60.1)** экономиканың әртүрлі салаларының бейіндік мамандарының біліктілігін растау түрінде ұлттық компаниялар мен олардың еншілес ұйымдары беретін қосалқы білім беру қызметтер;

16) **(68.20.1)** меншікті жылжымайтын мүлікті жалға беру және басқару:

- меншікті жылжымайтын мүлікті жалға беру және басқару: мәжіліс-залдар, технологиялық ресурстар орналастыру мақсатында өндірістік орын-жайлардың шатырларын қоса алғанда, тұрғын емес өндірістік және кеңсе ғимараттар (орын-жайлар);

- аса тұрақты пайдалану, әдетте айлық және жылдық мерзімге үйлер, жиһаздалған немесе жиһаздалмаған бөлмелер ұсыну;

- телекоммуникациялық қызметтер ұсыну үшін пайдаланылатын өндірістік мобилдік кешенденді пайдалану;

17) **(77.39.1)** құрылыс, телекоммуникациялық жабдықтар, бакылау және өлшеу жабдықтары үшін арнайф техника мен жабдықтарды жалға алу;

2. Қызметтің барлық түрлері Қазақстан Республикасының заңнамасы шеңберінде және қажеттілігі жағдайында уәкілетті және мемлекеттік органдарда және өзге ұйымдарда аккредиттау туралы барлық қажетті рұқсаттар, лицензиялар, сертификаттар, куәліктер алғаннан кейін жүзеге асырылады.

#### **4-бап. Қоғамның мүлігі және капиталы**

1. Қоғам мүлігі мындай:

1) Жалғыз акционер акциялардың төлеміне берген мүлік;

2) оның қызметі нәтижесінде алынған табыстар;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған негіздер бойынша сатып алынған өзге мүліктер есебінен қалыптастырылады.

2. Қоғам жарғылық капиталының артуы жарияланған Қоғам акцияларын орналастыру арқылы жүзеге асырылады.

#### **5-бап. Қоғамның акциялары және басқа бағалы қағаздары**

1. Қоғам жай акциялар шығаруға құқылы. Акция құжатсыз нысанда шығарылады.

2. Жай акция Жалғыз акционерге оның қарауына енгізілген барлық мәселелер жөнінде шешім қабылдау құқығына ұсынылады. Жай акция сонымен қатар Жалғыз акционерге Қоғамда таза табыс болған кезде дивиденттер алу және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте ол таратылған кезде Қоғам мүлігінің бөлігін алу құқығы ұсынылады.

3. Жай акциялар шығарудың шарты және тәртібі акциялар шығару проспектісімен белгіленеді.

4. Қоғамның жарияланған акцияларын немесе басқа бағалы қағаздарды, еркін айналымындағы жай акцияларды орналастыруға, сондай-ақ бұрын сатып алынып көрсетілген бағалы қағаздарды сатуға ниеті бар Қоғам осы туралы шешім қабылданғаннан күннен бастап он күн ішінде Жалғыз акционерге жазбаша хатпен хабарландыру арқылы немесе бұқаралық ақпарат құралдарында бағалы қағаздарды орналастыру (сату) туралы шешім қабылдаған Қоғам органымен белгіленген орналастыру (сату) бағасы бойынша бағалы қағаздарды сатып алуды жариялауға міндетті.

5. Қоғам, акциялардан өзге, құжатты және құжатсыз нысанда басқа бағалы қағаздар шығаруға құқылы. Бағалы қағаздар шығуының нысаны оларды шығару туралы шешім қабылдаған кезде айқындалады.

6. Қоғам еркін айналымтағы бағалы қағаздар шығаруға құқылы.

7. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қоғам Директорлар кеңесінің шешімі бойынша өзінің одан әрі қызметіне қаражат тарту мақсатында облигациялар шығаруға құқылы.

8. Облигациялар шығарудың, орналастырудың, облигациялар айналымының, ол бойынша сыйақы төлеудің, облигацияларды өтеудің және оларды сатудан түскен қаражатты пайдаланудың шарты және тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасында және облигациялар шығарудың проспектісінде айқындалады.

#### **6-бап. Таза табысты бөлудің тәртібі.**

##### **Қоғам акциялары бойынша дивиденттер**

1. Қоғамның таза табысы (бюджетке төленетін салықтар мен басқа міндеттемелерді төлгеннен кейін) Жалғыз акционердің шешімімен айқындалған тәртіпте бөлінеді.

2. Қоғамның жай акциялары бойынша дивиденттер төлеу жыл қорытындысы бойынша жүзеге асырылады.

3. Қоғамның жай акциялары бойынша дивиденттер төлеу туралы шешімді Жалғыз акционер қабылдайды.

4. Қоғамның Жалғыз акционері Қоғам акциясы бойынша дивиденттер төлеу туралы шешім қабылдауға құқылы.

5. Қоғамның акциясы бойынша дивиденттер ақшалай немесе Қоғамның бағалы қағаздарымен төленеді.

6. Қоғам акциясы бойынша дивиденттер төлеу оның бағалы қағаздарына рұқсат етіледі, тек осы төлемдер Жалғыз акционердің жазбаша келісімі болған кезде

Қоғам жариялаған акциялар және олар шығарған облигациялар шарты кезінде жүзеге асырылады.

7. Қоғам акциялары бойынша дивиденттер есептеуге рұқсат отілмейді:

1) меншікті капиталының теріс мөлшері немесе Қоғамның меншік капиталының мөлшері оның акциясы бойынша дивиденттер есептеу нәтижесінде теріс болса;

2) егер, ол Қазақстан Республикасының банкроттық туралы заңнамасына сәйкес төлем қабілетсіз немесе дәрменсіз белгілері болса, не көрсетілген белгілер Қоғамда оның акциялары бойынша дивиденттер есептеу нәтижесінде пайда болса.

### **7-бап. Қоғам органдары**

1. Қоғам органдары:

1) жоғарғы орган – акционерлердің жалпы жиналысы (барлық дауыс беру акциялары тек бір акционерге жатады, Қоғамның жоғарғы органы Жалғыз акционер болып табылады);

2) басқару органы – Директорлар кеңесі;

3) алқалық атқарушы орган - Қоғам Басқармасының төрағасы басқаратын Басқарма;

4) Қоғам қызметінің қаржы-шаруашылық қызметіне бақылауды ішкі бақылау саласына бағалауды, тәуекелдерді басқару, корпоративтік басқару саласындағы құжаттарды атқару және Қоғам қызметін жетілдіру мақсатында кеңес беруді жүзеге асыратын орган - Ішкі аудит қызметі.

2. Қоғамның барлық дауыс беретін акцияларды тек бір акционерге жататынын ескеріп, акционерлердің жалпы жиналысы жүргізілмейді. «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, осы Жарлығыға жататын мәселелер жөніндегі шешімдер акционерлердің жалпы жиналысының құзыретінде Жалғыз акционер жеке-дара қабылданады және жазбаша түрде ресімдеуге жатады.

### **8-бап. Жалғыз акционер**

1. Қоғамның Жалғыз акционеріні мыналарға құқылы:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында және көзделген тәртіпте осы Жарғыда Қоғамның басқаруына қатысуға;

2) дивиденттер алуға;

3) Қоғамның қызметі туралы ақпараттар алуға, оның ішінде Жалғыз акционер және/немесе осы Жарғыда айқындалған тәртіпте Қоғамның қаржы есептілігімен танысуға;

4) Қоғам тіркеушісінен немесе номиналды ұстаушысынан бағалы қағаздарға оның меншік құқығын растайтын үзінді көшірме алуға;

5) «Акционерлік қоғам туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 63 және 74-баптарында көзделген жағдайларда өзінің атынан сот органдарына, Қоғамға Қоғамның лауазымды тұлғалары келтірген шығындарды өтеу, және Қоғамға Қоғамның лауазымды тұлғалары және (немесе) олардың үлестес тұлғалары үлкен мәмілерді жасасу (жасасуға ұсынған) және (немесе) жасасуда мүдделігі бар мәміле жасасу туралы шешім қабылдау нәтижесінде олармен алынған табысты (кірісті) қайтару туралы талап білдіруге;

6) сот тәртібінде Қоғам органдары қабылдаған шешімді даулауға;

7) үлестес ұйымдар шегінде, оның ішінде белгіленген сұрату мерзімінде немесе сұратуды алған сәттен бастап отыз күннен кешіктірмей құпия сипатты бар Қоғам қызметі туралы ақпарат алуға;

8) Қоғам таратылған кезде мүлік бөлігіне;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте оның акциясы айналымындағы Қоғамның акцияларын немесе басқа бағалы қағаздарын басымдылықпен сатып алуға;

10) Қоғамның Директорлар кеңесіне Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қоғамның Жалғыз акционерінің қарауына енгізу үшін қосымша мәселелер енгізуді ұсынуға;

11) Қоғам Директорлар кеңесінің отырысын шақыртуды талап етуге;

12) Қоғамның аудиторлық ұйымдарының аудитін өз есебінен жүргізуді талап етуге;

13) Қоғамға оның қызметіне қатысты жазбаша сұратумен шағымдануға және сұратуды белгіленген мерзімде немесе сұратуды алған сәттен бастап отыз күннен кешіктірмей дәлелді жауаптар алуға;

14) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте өзінің құқықтарын бұзғаны үшін өтемақы алуға;

15) Қоғамның өкілдіктерімен Жалғыз акционердің негізгі құқықтарын және корпоративтік басқару саясатын сақтау мәселелерін талқылауға құқылы.

2. Қоғам Жалғыз акционерінің мынадай:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіпте акциялар төлеуге;

2) Қоғамның тіркеушісін және Қоғам Жалғыз акционерінің акцияларының номиналдық ұстаушысын он күн ішінде Қоғам акциялары ұстаушысының тізілімдер жүйесін енгізу үшін қажетті мәліметтердің өзгергені туралы хабарлауға;

3) қызметтік, коммерциялық немесе Қазақстан Республикасының заңымен қорғалатын өзге құпияны құрайтын Қоғам немесе оның қызметі туралы ақпаратты таратпауға;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге міндеттерді орындауға міндетті.

3. Қоғам және Қоғам тіркеушісі Қоғамның Жалғыз акционері осы баптың 2-тармағы 2) тармақшасында белгіленген талаптардың орындамаған салдарлары үшін жауапкершілік артпайды.

4. Қоғам органдарын таңдау мәселесі бойынша материалдарда ұсынылатын кандидаттар туралы мынадай ақпараттар болуы тиіс:

1) тегі, есімі, сондай-ақ қалауы бойынша – әкесінің есімі;

2) білімі туралы мәліметтер;

3) Қоғамға үлестілігі туралы мәліметтер;

4) соңғы үш жыл ішіндегі жұмыс орыны мен шұғылданған лауазымы туралы мәліметтер;

5) кандидаттардың біліктілігін, тәжірбиесін растайтын өзге ақпарат.

5. Қоғам Жалғыз акционерінің қарауына енгізілетін акционерлердің жылдық жалпы жиналысының құзыретіне жататын мәселелер жөніндегі материалдарға мыналар:

1) Қоғамның жылдық қаржы есептігі;

2) жылдық қаржы есептілікке аудиторлық есебі;



3) Қоғам Директор кеңесінің өткен қаржы жылы үшін Қоғамның таза табысын бөлудің және Қоғамның бір жай акциясына арналған есеп айырысуындағы жыл үшін дивиденттер мөлшерінің тәртібі туралы ұсыныстар;

4) Қоғамның жылдық есепті, оның ішінде кіретін Директорлар кеңесінің жылдық есебі;

5) Жалғыз акционердің қарауы бойынша өзге құжаттар» қамтуы тиіс.

### **9-бап. Қоғам Жалғыз акционерінің айрықша құзыреттілігі**

1. Жалғыз акционердің айрықша құзыреттілігіне мынадай мәселелер:

1) Қоғам Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту;

2) Қоғамның еркін қайта құрылуы және таратылуы;

3) Қоғам жариялаған акциялар санының артуы немесе Қоғамның орналастырмаған жариялаған акцияларының түрін өзгерту;

4) Директорлар кеңесінің сандық құрамын, оның өкілеттілігінің мерзімін айқындау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттілігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Директорлар кеңесі мүшелерінің олар атқарған міндеттемелері үшін сыйақы төлеу және өтемақы шығындары шарттарының мөлшерлерін айқындау;

5) Директорлар кеңесінің мүшелеріне біліктілік критерилер мен Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшелеріне біліктілік критерилер бекіту;

6) Директорлар кеңесінің мүшелерін таңдау және оны сайлау қағидасын бекіту;

7) Директорлар кеңесінің мүшелерін сыйақылау және өтемақы төлеу қағидасын бекіту;

8) Директорлар кеңесінің мүшелерімен жасасылатын үлгілік шарт бекіту;

9) Дивиденттік саясат туралы ережені, сондай-ақ оған өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;

10) Корпоративтік басқару кодексін, сондай-ақ оған өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;

11) Қоғамның айналымындағы бағалы қағаздардың шарттарын және тәртіптерін, сондай-ақ олардың өзгерістерін айқындау;

12) есептілік қаржы жылы үшін Қоғамның таза табысын бөлудің тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивиденттер төлеу туралы шешім қабылдау және Қоғамның бір жалғыз акциясына арналған есеп айырысудағы дивиденттердің мөлшерін бекіту;

13) Қоғамның жай және артықшылықты акциялары бойынша дивиденттер төлеу туралы шешім қабылдау;

14) Қоғамның Қоғамға тиесілі барлық активтерден жиырма бес және аса пайыздар құрайтын сомада активтердің бөліктерін немесе бірнеше бөліктерін табыстау (алу) жолымен өзге заңды тұлғаларды құру және оның қызметтеріне қатысу, не өзге заңды тұлғалары қатысушылар (акционерлер) құрамынан шығу туралы шешім қабылдау;

15) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қоғам оларды сатып алу кезінде акцияларды айқындаудың әдістемесіне (әдістемесін бекіту) өзгерістер енгізу;

16) Қоғамның Директорлар кеңесі туралы ережені бекіту;

17) Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды айқындау;

- 18) Қоғамның жылдық қаржы есептілігін бекіту;
- 19) Қоғам акцияларын еркін дилистингісі туралы шешім қабылдау;
- 20) Қоғамның еркін айналымындағы жай акцияларындағы бағалы қағаздарды шығару туралы шешім қабылдау;
- 21) орналастырылған бір түрдегі акцияларды екінші түрге айырбастау туралы шешім қабылдау, осындай айырбастаудың шарттары мен тәртібін айқындау;
- 22) есеп комиссиясының сандық құрамын және өкілеттілігінің мерзімін, олардың мүшелерін сайлау және олардың өкілеттілігінің мерзімін бұрын тоқтатуды айқындау;
- 23) «алтын акция» дегенді енгізу және жою;
- 24) Қоғаммен ірі мәміле жасасу туралы шешім қабылдау, оның нәтижесінде Қоғам мүлікті сатып алады немесе иеліктен шығарады (сатып алуы немесе иеліктен шығарылуы мүмкін), құны оның мәміле туралы шешім қабылданған күнгі Қоғам активтерінің теңгерімдік құнының жалпы мөлшерінен елу және одан көп пайызын құрайды, нәтижесінде оның активтерінің жалпы теңгерімдік құнының елу және одан да көп пайызын сатып алған немесе иеленген (сатып алынуы немесе жойылуы мүмкін);
- 25) Жалғыз акционерге Қоғам қызметі туралы ақпарат ұсынудың тәртібін айқындау, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарын айқындау;
- 26) өзге мәселелер, Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қоғамның Жарғысына жататын Қоғамның Жалғыз акционерінің ерекше құзыреттілігі бойынша шешімдер қабылдау жатады.

### **10-бап. Қоғамның Директорлар кеңесі**

1. Қоғамның директорлар кеңесі – Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қоғам Жалғыз акционерінің құзыретін осы Жарғыға жататын мәселелерді қоспағанда Қоғам қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асыратын Қоғам органы.

2. Қоғам Жалғыз акционерінің шешімі бойынша Директорлар кеңесінің мүшелеріне өзінің міндеттемелерін атқарған кезде сыйақы төленеді және олар Қоғам Директорлар кеңесі мүшелерінің функцияларын атқаруға байланысты шығыстары өтеледі. Осындай сыйақылардың және өтемақылардың мөлшері Қоғам Жалғыз акционерінің шешімімен белгіленеді.

3. Қоғамның Директорлар кеңесі өзінің функцияларын Қазақстан Республикасының заңнамасына, Жарғыға, Корпоративтік басқару кодексіне, Қоғамның Директор кеңесі туралы ережеге және Қоғамның өзге ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырады.

4. Қоғамның Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне мынадай мәселелер:

1) Қоғам қызметінің басым бағыттарын айқындау, сондай-ақ Қоғамды дамытудың стратегиясын бекіту;

2) Қоғамды дамытудың бекітілген басым бағыттарын ұстай отырып, бағалау жүргізу;

3) Қоғамның төрағасы мен Басқарма мүшелері қызметінің мотивациялық негізгі көрсеткіштерінің орындалуына мониторингті жүзеге асыру, олардың аралық нәтижелерін қарау, Қоғамның төрағасы мен Басқарма мүшелеріне қатысты тәртіптік жаза қолдану және мерзімінен бұрын алып тастау туралы шешім қабылдау;

4) Басқарма мүшелерінің басқа ұйымдарда жұмыс істеу мүмкіндігіне қатысты келісім беру туралы шешім қабылдау;

- 5) Қоғамның облигациялар және өндірістік бағалы қағаздар шығарудың шарттарын айқындау, сондай-ақ оларды шығару туралы шешімдер қабылдау;
- 6) орналастыру (сату) туралы, оның ішінде жарияланған акциялардың саны шегінде орналастырылған (сатылатын) акциялардың саны, олардың орналастырудың (сатудың) тәсілі мен бағасы туралы шешімдер қабылдау;
- 7) Қоғамның орналастырылған акцияларды және басқа бағалы қағаздарды сатып алу, және оларды сатып алу бағасы туралы шешімдер қабылдау;
- 8) Қоғамның бұрынғы тіркеушісімен шарт бұзылған жағдайда Қоғам тіркеушісін таңдау;
- 9) орта мерзімді даму жоспарын және/немесе Бизнес-жоспарды, сондай-ақ оларға өзгерістер мен толықтырулар енгізуді бекіту, Даму жоспарының (Бизнес-жоспардың) орындалуы туралы есептерді бекіту;
- 10) Қоғамның Жалғыз акционеріне өткен қаржы жылы үшін Қоғамның таза табысын бөлудің тәртібі және жыл үшін Қоғамның бір жай акциясына арналған есеп айырысудағы дивидендер мөлшерінің тәртібі туралы ұсыныстар ұсыну;
- 11) Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшелерін қызметке қабылдау бағдарламасын, Директорлар кеңесі мүшелерінің біліктілігін арттыру жоспарын және Директорлар кеңесі мүшелерінің мұрагерлігін арттыру жоспарын бекіту;
- 12) Директорлар кеңесі, Басқарма мүшелерінің сабақтастығын жоспарлау бағдарламасын және сабақтастық жоспарын бекіту;
- 13) Директорлар кеңесі комитеттерін құру және сандық құрамын айқындау, комитеттер өкілеттіктерінің мерзімін айқындау, комитеттер төрағасын және мүшелерін сайлау, комитеттер туралы ережелер бекіту;
- 14) Жалғыз акционерге Қоғамның Директор кеңесінің мүшелеріне сыйақы төлеудің мөлшері, айқындау және шарттар тәртібі бойынша ұсынымдар дайындау;
- 15) Жалғыз акционерге Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелеріне біліктілік межелеріне және тәуелсіздік межелеріне қатысты ұсынымдар дайындау;
- 16) Директорлар кеңесінің жұмыс жоспарын бекіту, жылдық есепке енгізілетін Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің жұмысы туралы есепті дайындау;
- 17) Қоғамның менеджмент пулын бекіту;
- 18) «Энергоинформ» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелерін іріктеу, сайлау, сыйақы және шығыстарына өтемақы төлеу қағидаларын алдын ала қарау;
- 19) Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің, Директорлар кеңесінің төрағасы мен мүшелерінің, ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің, корпоративтік хатшының, Комплаенс – офицердің қызметін жүргізу тәсілін бекіту, оның нәтижелерін қарау және осындай бағалау нәтижелері бойынша іс-шаралар жоспарын бекіту,
- 20) Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің, Директорлар кеңесінің төрағасы мен мүшелерінің, ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің қызметін бағалау қағидаларын бекіту, сондай-ақ оларға өзгерістер мен толықтырулар енгізу;
- 21) Қоғам Директорлар кеңесінің отырысын өткізу туралы Қоғам директорлар кеңесінің мүшелеріне хабарламалар жіберу тәртібін белгілеу;
- 22) Директорлар кеңесінің мүшелері Қоғам қызметі, оның ішінде қаржы туралы ақпараттар алудың тәртібі мен мерзімдерін белгілеу;

23) Қоғам Директорлар кеңесінің істелген жұмыстары туралы есепті, Корпоративтік басқару кодексінің қағидалары мен ережелерін сақтау туралы есепті енгізетін Қоғамның жылдық есебін бекіту;

24) Директорлар кеңесі туралы ережені қоспағанда, Директорлар кеңесінің қызметін реттейтін құжаттарды бекіту;

25) Басқарма өкілеттіктерінің сандық құрамын, мерзімін белгілеу және ол туралы ережені бекіту, оның Төрағасын және мүшелерін (атқарушы орган функцияларын жекеше жүзеге асыратын тұлғалар) сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;

26) Басқарма төрағасы, Ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің, Комплаенс-офицердің және Корпоративтік хатшының лауазымдарының сипаттамасын, Төрағаның, Басқарма мүшелерінің лауазымдарын, Басқарма деңгейіндегі өзге де лауазымдарды бағалауды бекіту (Директорлар кеңесінің тағайындаулары мен сыйақылары жөніндегі комитеттің/Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитетінің ұсынымы бойынша);

27) Ішкі аудит қызметін тәуелсіз сыртқы бағалау нәтижелерін қарау;

28) Қоғамның орнықты дамуы саласындағы мәселелерді қарау;

29) Қоғам Директорлар кеңесінің құрамында олардың қызметтері тоқтатылғаннан кейін Қоғамның бұрынғы Директорлары Қоғам туралы ішкі (қызметтік) ақпараттарды жарияламау жөнінде ескіру мерзімін белгілеу;

30) Еңбекақы және сыйақы төлеу қағидасын, лауазымдық қызметінің тәсімдерін бекіту, сондай-ақ Қоғам төрағасының, Басқарма мүшелерінің, Ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің және Корпоративтік хатшының лауазымдық қызметінің мөлшерін айқындау;

31) Басқарма мүшелерімен, Ішкі аудит қызметінің басшысымен және Корпоративтік хатшымен еңбек шарттарының шарттарын бекіту;

32) Қоғам Басқармасының өкілеттіне бақылауды жүзеге асыру;

33) Қоғам Басқармасының мүшелеріне және Қоғамның өзге қызметкерлеріне Директорлар кеңесі жүзеге асыратын тағайындау және келісу, басқа ұйымдарда жұмыс істеу мүмкіншіліктеріне қатысты келісім ұсыну туралы шешім қабылдау;

34) Қоғам Басқармасының Төрағасы мен мүшелері қызметінің негізгі көрсеткіштерін және олардың мақсатты мәндерін бекіту, Ішкі аудит қызметінің қызметкерлеріне, Корпоративтік хатшыға, Комплаенс қызметкеріне арналған мақсаттар карталарын бекіту (тағайындаулар мен сыйақылар ұсынуы бойынша). Директорлар кеңесі жанындағы Комитет/аудит жөніндегі комитет);

35) Қоғам Ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау және ол туралы ереже, қызмет жоспарлар мен стратегия туралы ереже, Ішкі аудит қызметінің бюджетін бекіту, оның басшысы мен қызметкерлерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімін бұрын тоқтату, Ішкі аудит қызметі жұмысының тәртібін анықтау;

36) Корпоративтік хатшыны тағайындау, өкілеттік мерзімін анықтау және ол туралы ереже бекіту, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;

37) Комплаенс-офицерді тағайындау, өкілеттік мерзімін анықтау және ол туралы ереже бекіту, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;

38) Қоғам Ішкі аудит қызметінің жылдық аудиторлық жоспарын бекіту;

39) Қоғам Ішкі аудит қызметінің тоқсандық және жылдық есептерін қарау және олар бойынша шешімдер (Директорлар кеңесінің жанындағы Аудит жөніндегі комитетінің ұсынысы бойынша) қабылдау;

40) Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу, сондай-ақ олар туралы ереже бекіту, оның ішінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы шешімдер қабылдау;

41) Қоғамның Қоғамға тиесілі барлық активтерден жиырма бес және аса пайыздар құрайтын сомада активтердің бөліктерін немесе бірнеше бөліктерін табыстау (алу) жолымен өзге заңды тұлғаларды құру және оның қызметтеріне қатысу, не өзге заңды тұлғалары қатысушылар (акционерлер) құрамынан шығу туралы шешім қабылдау;

42) Қоғам басқа заңды ұйымдардан он және астам акция пайыздарын (жарғылық капиталдағы қатысу үлестері) сатып алу (иеліктен айыру) туралы шешімдер қабылдау;

43) Қоғамға тиісті он және астам акция пайыздары (жарғылық капиталдағы қатысу үлесі) заңды тұлға акционерлері (қатысушылары) жалпы жиналысының құзыретіне жататын қызмет мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;

44) сайлануы немесе тағайындалуы Директорлар кеңесінің келісімі бойынша жүзеге асырылатын Қоғамның Басқарма Төрағасы лауазымына қатысты төмен тұрған басқару деңгейі лауазымдарының тізбесін айқындау;

45) Қоғамның және заңды тұлғалардың активтерін, Қоғамға тікелей немесе жанама ие акцияларларды (қатысу үлестерді) басқару мәселелерін реттейтін (қоса алғанда, бірақ шектелмей, қайта құрылымдау, қайта құру, тарату, сатып алу және/немесе иелеіктен айыру, сенімгерлік басқаруға беру, тыйым салу/ауыртпалық құру және басқа мәселелер) оны іске ару мониторингі, сондай-ақ дүркінді негізде көрсетілген бағдарламаларды қайта қарау құжаттарын бекіту;

46) Ұлттық әл-аухат қоры туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қордың Директорлар кеңесі айқындайтын тәртіп негізінде Қоғам Басқармасы қабылдайтын мәмілені, шешімді қоспағанда «Акционерлік қоғам туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабы 1-тармағы 17-1) тармақшасына сәйкес оның жасалуына Қоғам Жалғыз акционері жасасу туралы ірі мәмілелер, шешімдерді қоспағанда оның жасалуына Қоғамның мүдделігі бар ірі мәміле (мәмілелер арасында жиынтығы өзара байланысты) және мәміле жасасу туралы шешім қабылдау;

47) Қоғам орталық аппараты қызметкерлерінің жалпы санын және құрылымын бекіту;

48) Қоғам Орталық аппараты қызметкерлерінің лауазымдық қызметіне тәсімдерін, сондай-ақ Қоғам қызметкерлерін сату және/немесе атқарылған жұмыстадың нәтижесі үшін сыйақылау жөніндегі ішкі құжаттарды бекіту;

49) Қоғам қызметкерлеріне әлеуметтік қолдау көрсету ережені бекіту;

50) Корпоративтік басқару кодексін алдын ала қарау, оған өзгерістер мен толықтырулар және оны Қоғамның Жалғыз акционерінің қарауына енгізу;

51) Қоғамдағы корпоративтік басқару тәжірбиесінің тиімділігіне бақылауды жүзеге асыру;

52) Қоғамның ішкі қызметін реттейтін (Директорлар кеңесі туралы ережені және Қоғамның қызметін ұйымдастыру мақсатында Қоғам басқармасы қабылдаған құжаттарды қоспағанда), оның ішінде аукционерлер өткізудің шарттарын және тәртібін белгілейтін ішкі құжатты және Қоғамның бағалы қағаздарына жазуылуларын реттейтін құжаттарды бекіту;

- 53) Қоғамның есеп саясатын бекіту;
- 54) корпоративтік басқаруды жетілдіру жөнінде жоспарлар және/немесе бағдарламалар бекіту және олардың іске асырылуы туралы тоқсан сайынғы есептерін қарау;
- 55) ішкі құжаттарды бекіту:
- Қоғамның ақпараттық саясаты жөніндегі;
  - Қоғамның ақпараттық қауіпсіздігі жөніндегі;
  - Мінез-құлық кодексі (Іскерлік этика);
  - Қоғамның демеушілік және қайырымдылық қорлары бойынша ішкі құжаттар;
  - тұрақты дамыуды басқару жүйесін реттейтін;
  - тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін реттейтін;
- 56) Қоғамның тәуекелдерді басқару жүйелерін тиімді сақтауды және бағалауды қамтамасыз ету және Қоғамның тәуекелдерін басқару жүйелерін реттейтін құжаттарды бекіту, оның ішінде, бірақ шектелмей:
- тәуекелдер бойынша есептер бекіту;
  - Қоғамның тәуекелдер тізілімі мен карталарын, Негізгі тәуекелдерді басқару жөнінде іс-шаралар жоспарын бекіту;
  - Қоғамның тәуекел-тәбетін бекіту;
  - тәуекелдердің басқару жүйесін жетілдіру жөнінде іс-шаралар жоспарын бекіту;
  - төзімділік деңгейлерін;
  - түйінді тәуекелдер бойынша түйінді тәуекел көрсеткіштері;
  - ірі акционердің құжаттарының талаптарына сәйкес лимиттер;
- 57) Қоғамның тікелей немесе жанама акцияларына ие (қатысу үлесі) заңды тұлғалардағы лауазымды тұлғаны тағайындауға қатысты саясат әзірлеу, Тәуекелдерді басқару саясатын бекіту;
- 58) қызметтік жеңіл автомобильдердің болу нормативтерін, әкімшілік аппаратын орнастыру үшін алаңдар нормалары, іссапар шығыстарының нормаларын айқындау;
- 59) қызметтік іссапарға жіберілетін Қоғам қызметкерлері шығыстарының тәртібін және шарттарын айқындау;
- 60) Қоғамның қаражаты есебінен қызметкерлерге ұялы байланыспен, өкілдік шығыс лимиттерін және Қоғамның Жалғыз акционерінің шешімі бойынша өзге лимиттерді пайдалану құқығын ұсыну кезінде өтелетін шығыс лимиттерін айқындау;
- 61) Қоғам ішкі бақылау жүйесінің тиімділігіне талдауды өткізуді қамтамасыз ету және Қоғам Жалғыз акционеріне өткізілген жұмыс туралы есеп ұсыну;
- 62) Қоғамның Жалғыз акционеріне Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметіне өткізілген тексерудің нәтижелері туралы ақпарат ұсыну;
- 63) Қоғамның Даму Стратегиясын іске асыру туралы есептер қарастыру;
- 64) Дамыту жоспарлары (Бизнес жоспарлар) атқарылуы туралы тоқсан сайынғы есепті қарау;
- 65) Қоғам төрағасы, Басқарма мүшелері және Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес сыйақы төлеу немесе төлемеу туралы шешім қабылдау уәждемелі КПД атқарылуының тоқсан сайынғы мониторингілеу нәтижелерін қарау;

66) Қоғамның еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігі бойынша мәселелер/есептер қарастыру;

67) белгіленген тәртіпте корпоративтік жан-жалдарды реттеуді, сондай-ақ жан-жалдар мүдделерін және корпоративтік жан-жалдарды реттеу жөніндегі ішкі құжаттар бекітуді жүзеге асыру;

68) Ішкі аудит жөнінде саясат бекіту;

69) Жалғыз акционерге аудиторлық ұйымға қатысты ұсынымдар ұсыну;

70) шешімдерін Директорлар кеңесі қабылдайтын және Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатпайтын мәселелердің тізбесін бекіту және осындай мәселелер бойынша шешімдер қабылдау;

71) қаржы есептілігіне аудит ұйымдастырғаны үшін аудит ұйымының, сондай-ақ Қоғамның акцияларын төлеуге берген мүліктің нарықтық құнын бағалау жөніндегі не ірі мәміле мәні болып табылатын бағалаушының қызметін төлеудің мөлшерін айқындау;

72) Қоғамның жылдық қаржы есептілігін алдын ала бекіту;

73) Қоғамның міндеттемесін оның меншікті капиталынан он және аса пайыз мөлшерін құрайтын шамаға арттыру;

74) қызметтік, коммерциялық немесе Қазақстан Республикасының заңнамасымен қорғалатын өзге құпияны құрайтын Қоғам немесе оның қызметі туралы ақпаратты айқындау;

75) Қоғам Жалғыз акционердың қарауына мәселелерді алдын ала қарау және ұсыну;

76) Қазақстан Республикасының заңнамасында, осы Жарғыда көзделген өзге де мәселелер, сондай-ақ Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатпайтын Директорлар кеңесімен, Жалғыз акционермен және «Самұрық-Қазына» ҰАҚ» АҚ-мен бекітілген ішкі құжаттар.

5. Қоғам Директорлар кеңесінің қарауына енгізілетін маңызды мәселелеріне осы баптың 4-тармағы 1), 9), 13), 19), 23), 25), 34), 41), 42), 46), 63), 64), 65), 72) тармақшаларындағы мәселелер жатады.

6. Қоғамның Директорлар кеңесі жыл сайын өзінің жұмысына, оның Комитеттерінің жұмысына, әрбір Директорларына ресми және жан-жақты бағалау береді және оның нәтижелерін Қоғам Директорлар кеңесінің отырысында талқынайды.

7. Қоғамның Директор кеңесі Қоғам Басқармасынан және Қоғам Ішкі аудит қызметінен аудитордан толық көлемде және уақытылы негізде ақпараттар, түсіндірулер және түсініктемелер алуға құқылы.

### **11-бап. Қоғамның Директорлар кеңесін сайлау**

1. Қоғам Директорлар кеңесінің мүшесі Қоғамның акционері болып табылмайтын және Қоғам Жалғыз акционері мүдделерінің өкілдігі ретінде Қоғамның Директорлар кеңесіне сайлауға ұсынылмаған (кепілдендірілмеген) тек жеке тұлға сайлануы мүмкін. Осындай тұлғалардың саны Қоғам Директорлар кеңесінің құрамынан елу пайызды артпауы тиіс.

2. Қоғам Басқармасының мүшелері, оның басшысынан өзге Қоғамның Директорлар кеңесіне сайланбауы тиіс. Қоғам Басқармасының төрағасы Қоғам Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайланбайды.

3. Қоғам Директорлар кеңесінің мүшелері заңды тұлға болмауы тиіс.

4. Директорға кандидаттар және Директорлар Қоғам Жалғыз акционерінің

және Қоғамның мүдделерінде барлық Қоғам Директорлар кеңесінің оның міндеттемелерін орындау және жұмыстарды тиімді ұйымдастыру үшін қажетті іскери және салалық ортада тиісті жұмыс тәжірибесі, білімі, біліктілігі, оң жетіктіктері және мінсіз беделі болуы тиіс.

5. Қоғам Директорлар кеңесінің мүшелері болып мынадай тұлғалар болмайды:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте өтелмеген немесе алынбаған соттығы бар;

2) мәжбүрлі тарату немесе мәжбүрлі акцияларды сату, немесе белгіленген тәртіпте банкрот болып танылған басқа заңды тұлға тоқтатып қою туралы шешім қабылданғанға дейін кем дегенде бір жыл кезеңінде бұрын болған директорлар кеңесінің төрағасы, бірінші басшы (басқарма төрағасы), басшы орынбасары (басқарма басшысының орынбасары), басқа заңды тұлғаның бас бухгалтер болмайды. Көрсетілген талаптар мәжбүрлі тарату немесе мәжбүрлі акцияларды сату, немесе ебелгіленген тәртіпте банкрот болып танылған басқа заңды тұлға тоқтатып қою туралы шешім қабылданған күннен кейін бес жыл ішінде қолданылады.

6. Қоғам Директорлар кеңесі мүшелерінің саны кемінде жеті адамнан құрауы тиіс және оның үштен бір бөлігі тәуелсіз Директорлар болуы тиіс. Директор тәуелсіз болып танылады, егер ол:

1) Қоғамның үлестес тұлғасы болып табылмайтын және Директорлар кеңесінде (Қоғамның тәуелсіз директорының лауазымына оның келген жағдайын қоспағанда) оның сайланғаны алдында өткен үш жыл ішінде ол болып табылмайтын;

2) Қоғамның үлестес тұлғасына қатысты бойынша үлестес тұлға болып табылмайтын;

3) Қоғамның немесе ұйымдардың лауазымды тұлғаларына — Қоғамның үлестес тұлғасының бағынысты байланыста болып табылмайтын және директорлар кеңесіне оның сайлануы алдында өткен үш жыл ішінде осы тұлғаларға бағынысты байланыста болып табылмайтын;

4) Қоғамның аудитору болып табылмайтын және Директорлар кеңесінде оның сайлануы болып өткен үш жыл ішінде ол болып табылмайтын;

5) аудиторлық ұйымның құрамында жұмыс істейтін аудитор ретінде осы акционерлік қоғамның аудитына қатыспайтын, директорлар кеңесінде оның сайлануы болып өткен үш жыл ішінде осындай аудитқа қатыспаған;

6) мемлекеттік қызметші болып табылмайтын тәуелсіз болып танылады.

7. Барлық Директорлар Директор ретінде ресми түрде лауазымдарына кірісуі тиіс және өзінің кәсіби білімдерін және ептілігін тұрақты жетілдіру тиіс.

8. Қайта сайланған Қоғам Директорлар кеңесінің мүшелері лауазымға енгізудің бағдарламаларынан өтуді талап етуге құқылы.

9. Директорлар кеңесі Қоғамның Жалғыз акционеріне ұсынатын Қоғамның жылдық есебі құрамындағы өзінің қызметі туралы жылдық есебі құрамында әрбір тәуелсіз Директорды көрсетуге тиіс. Қоғамның Директорлар кеңесі шешімдер қабылдаған кезде Директор тәуелсіз болды ма екендігін білгілеу, осы Жарғының 11-бабы 6-тармағында көзделген Директорды тәуелсіз екендігін танудың себебін, сондай-ақ Директорды тәуелсіз деп тануға ықпал ететін қарым-қатынастар мен жағдайлар болуының себебін көрсету тиіс.

## **12-бап. Қоғам Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттік мерзімі**



1. Қоғам Директорлар кеңесінің мүшелері кем дегенде үш жыл мерзімге сайланады. Қоғам Директорлар кеңесін қатарынан 6 жылдан аса мерзімге сайланудың кез-келген мерзімі Қоғам Директорлар кеңесінің құрамын сапалы жаңартудың қажеттілігін ескере отырып, ерекше қарауға жатады. Бір және сол тұлға Директорлар кеңесіне қатарынан тоғыз жылдан аса сайланбайды. Ерекше жағдайларда тоғыз жылдан аса мерзімге сайлануы жіберіледі, бірақ бұл ретте Директорлар кеңесіне сондай тұлғаның сайлануы жыл сайын өтуі тиіс.

2. Қоғам Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімін Қоғамның Жалғыз акционері белгілейді.

Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттік мерзімі барлық Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімімен сәйкес келеді және Жалғыз акционермен Директорлар кеңесінің жаңа құрамын сайлау жөнінде шешім қабылдау сәтінен аяқталады.

3. Жалғыз акционер Қоғам Директор кеңесі мүшелерінің барлық және жекелеген өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы.

4. Қоғам Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуы оның бастамасы бойынша Қоғам Директорлар кеңесін жазбаша хабарлау негізінде жүзеге асырылады.

Осындай Қоғам Директорлар кеңесінің өкілеттігі Қоғамның Директорлар кеңесі көрсетілген хабарламаны алған сәттен бастап тоқтатылады.

5. Қоғам Директорлар кеңесінің құзыреті шегінде Директорлар кеңесі мүшелері:

1) лауазымға енудің бағдарламасын алуға және білімдерін және машықтарын жетілдіруді талап етуге;

2) Қоғам Директорлар кеңесінің отырысын өткізуді талап етуге;

3) Қоғам Директорлар кеңесі отырысының хаттамасына күн тәртібінің мәселелері және қабылданатын шешімдер бойынша өздерінің ерекше ойларын енгізуді талап етуге;

4) Қоғам Директорлар кеңесінің және оның Комитеттерінің отырыстарында Қоғам Директорлар кеңесінің және оның Комитеттерінің бекітілген күн тәртібі бойынша қарастырылатын мәселелерді талқылауға қатысуға;

5) белгіленген тәртіпте Қоғам Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібіне мәселелер енгізуге;

6) қоғам қызметі туралы, оның ішінде Қоғамның коммерциялық құпиясын құрайтын ақпарат алуға, Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес Қоғамның барлық құжаттарымен танысуға;

7) Қоғам Директорлар кеңесінің жұмыс жоспарын құру жөнінде жазбаша ұсыныстар енгізуге;

8) Қоғам Директорлар кеңесін жазбаша хабарлай отырып, өзінің өкілеттін мерзімінен бұрын тоқтатуға;

9) сыйақы алуға, сондай-ақ олар Қоғам Директорлар кеңесі мүшелерінің міндеттемелерін атқаруға байланысты шығындарды (шығыстарды) өтеуге құқылы;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасында, Жарғыда, Корпоративтік басқару кодексінде және Қоғамның басқа ішкі құжаттарында көзделген өзге әрекеттерді жүзеге асыруға құқылы.

6. Қоғам Директорлар кеңесінің мүшелері:

1) Қоғам Жалғыз акционерінің және тұтастай Қоғамның мүдделерінде Қазақстан Республикасының заңнамасында, Жарғыда, Корпоративтік басқару

кодексында және Қоғамның Директорлар кеңесі туралы ережеде құрайтын талаптарды, өнегелі қағидаттарды және іскери этикасы саясатын сақтай отырып, адал ниетті, парасатты және әділетті әрекет етуге;

2) Қоғам Директорлар кеңесі мүшелерінің міндеттемелерін атқаруға байланысты оларға анық Қоғам туралы, оның ішінде егер, Қоғамның ішкі құжаттарында өзгелер белгіленбесе, Қоғамда жұмысын тоқтату сәтінен бастап бес жыл ішінде құпиялылықты сақтауға;

3) Қоғамның жай-күйіне мониторингі жүргізуге және басқа ұйымдармен және Қоғамның лауазымды тұлғаларымен тұрақты байланыс ұстауға;

4) олар мүше болып табылатын Қоғам Директорлар кеңесі комитеттерінің отырыстарына және жұмыстарына қатысуға;

5) Қоғам Директорлар кеңесінің отырысына өзінің болмау себебін көрсете отырып, қатысуның мүмкін еместігі туралы алдын ала хабарлауға;

6) Қоғамның Директорлар кеңесімен оны басқа акционерлік қоғам органына сайлануын немесе басқа ұйымға жұмысқа қабылдану мүмкіндігін келісуге;

7) машықтану білімдерін жетілдірудің жоспарын құруды қатысуға;

8) Қоғамның Директорлар кеңесіне міндеттемелердің өзгеруі туралы 2 (екі) күн ішінде, оның нәтижесінде тәуелсіз директор ондай болмайтындығын хабарлауға міндетті.

### **13-бап. Қоғам Директорлар кеңесінің төрағасы**

1. Қоғам Директорлар кеңесінің төрағасын Қоғамның Жалғыз акционері сайлайды.

